



DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2026-155-2-89-100>

ХҒТАР 16.21.43
Ғылыми мақала

Ж.А. Құсайынова^{1*}, Ә.Н. Насыритдинова²

¹Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

²С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті
Астана, Қазақстан

(E-mail: ¹zhaina-1972@mail.ru*; ²asemgul_kazatu@mail.ru)

ҚОСАРЛЫ АЙҚЫНДАУЫШТЫҢ КОНТЕКСТІК-МОДАЛЬДІК ҚЫЗМЕТІ

Аңдатпа. Қазіргі заманауи тіл біліміндегі мәтін мен мәнмәтіннің грамматикалық белгілерін айқындауға бағытталған іргелі зерттеулер лингвистикалық бірліктердің функционалдық әлеуетін жаңа қырынан тануға кеңінен жол ашты. Мәтін кеңістігінде тілдің ең кіші фонетикалық бірліктерінен бастап, күрделі құрылымды лексика-грамматикалық тұлғаларына дейінгі элементтер өзара тығыз байланыста қарастырылып, біртұтас жүйенің ажырамас бөлшектері ретінде қызмет атқарады. Осы тұрғыдан алғанда, ұсынылып отырған мақалада қосарлы айқындауыштың мәтін түзушілік қызметі мен оның өзге де іргелі лингвистикалық заңдылықтармен ішкі арақатынасы жан-жақты әрі терең талданады.

Зерттеу жұмысының барысында қосарлы айқындауыштың дербес сөйлемдер құрамындағы қолданыс белсенділігі сараланып, олардың мәтінге ерекше стильдік сипат беретін түрлендіруші рөлі ғылыми негізде айқындалады. Мәнмәтін аясында бұл синтаксистік құрылымдардың тек дәстүрлі анықтауыштық қызметпен шектелмейтіні, сонымен қатар, субъективтік модальдік мәндер мен авторлық ниетті өзектендірудегі айрықша маңызы нақты эмпирикалық тілдік деректермен дәйектеледі. Автор қосарлы айқындауыштардың прагматикалық қызметін модальділік, эмоционалды-экспрессивті реңктер, бағалау категориясы, сондай-ақ, интермәтіндік байланыстар мен прецеденттік қолданыстармен тығыз интеграцияда қарастырады.

Жүргізілген талдау нәтижелері субъективтік модальділіктің қосарлы айқындауыштар арқылы көрініс табуы бұл категорияның функционалдық, прагматикалық және когнитивтік деңгейлердегі күрделі табиғатын айқын аңғартады. Жұмыстың негізгі ғылыми құндылығы — қосарлы айқындауыштың жай ғана грамматикалық тұлға емес, мәтіннің семантикалық тұтастығын қамтамасыз ететін және авторлық позицияны жеткізетін маңызды коммуникативтік құрал екендігін толық дәлелдеуінде. Мақалада қол жеткізілген тұжырымдар синтаксис, стилистика және мәтін лингвистикасының байланысындағы өзекті мәселелерді шешуге бағытталған.

Түйін сөздер: қосарлы айқындауыш, стилистика, субъективтік модальділік, модальді мән, эмоция, прецеденттік қолданыстар.

Түсті: 26.12.2025; Жөнделді: 19.03.2026; Мақұлданды: 18.06.2026; Онлайн қолжетімді: 30.06.2026

Кіріспе

Дәстүрлі грамматикада синтаксис саласының нысаны ретінде қаралатын қосарлы айқындауыштың қызметін мәнмәтін деңгейінде талдау оның стилистикалық, функционалдық қызметін кеңіте қарауға мүмкіндік береді. Нақтырақ айтсақ, мәнмәтін аясында айқындауыштың басқа заңдылықтармен грамматикалық қарым-қатынасы нығайады. Сөйлем аясында қосарлы айқындауыштың категориялық қызметі дараланып, құрылымдық белгілеріне баса мән берілсе, мәнмәтін аясында басқа заңдылықтармен интеграциялануы, яғни функционалдық сипаты белсенеді. Себебі функционалды грамматиканың басты қағидаты – бірліктілік. Ойымызды қазіргі лингвистердің пікірі бекіте түседі: Функционалды грамматиканың дәстүрлі грамматикадан негізгі айырмашылықтарының бірі – грамматиканың біртұтастық принципіне негізделуі. Бұл принцип бойынша грамматикалық құбылыстар тілдің басқа да элементтерімен тығыз байланыста қарастырылады. Әртүрлі грамматикалық бірліктер өзара ықпалдаса отырып, тілдік жүйеде біртұтас парадигмалық құрылым қалыптастырады. Сонымен бірге олар қолданылатын тілдік ортаға тәуелді болып, сол ортаға сәйкес өз қызметін өзгертіп, түрлендіре алады. Яғни грамматикалық бірліктер тек жеке күйінде емес, олар қолданылатын мәнмәтінмен байланыста зерттеледі. Функционалды грамматиканың тағы бір ерекшелігі – оның жүйелік-интегративтік ұстанымы. Бұл бағытта тілдің әртүрлі деңгейлеріне жататын бірліктер белгілі бір ортақ қызмет тұрғысынан қарастырылып, өзара байланыста зерттеледі. Соның нәтижесінде тілдің тұтас жүйе ретіндегі табиғаты айқын көрінеді. Ал дәстүрлі грамматикада грамматикалық құбылыстар көбіне морфология мен синтаксис салаларына жеке-жеке бөлініп қарастырылады. Осы тұрғыдан алғанда, функционалды грамматика дәстүрлі грамматиканы жоққа шығармайды, керісінше оны толықтырып, тілдік құбылыстардың өзара байланысын кеңірек түсіндіруге мүмкіндік береді. Бұл бағыт тілдік бірліктердің тек құрылымдық ерекшеліктерін ғана емес, олардың сөйлеу процесіндегі қызметін де жан-жақты ашуға жағдай жасайды (Әлімтаева, 2013).

Мақалада мәнмәтін аясындағы қосарлы айқындауыштар мысалында стилистикалық және субъективтік модальділіктің мүмкіндіктерін ажыратып, тілдік инсан (субъекті) көзқарасының астарына назар аударылып, функционалды бағытта салыстыруды мақсат еттік. Талдауға негіз болған қосарлы айқындауыштың мәнмәтіндегі көп функциялы қызметін негізге ала отырып, модальділік, эмоция құбылыстарымен, бағалау санатымен, прецеденттік қолданыстармен қарым-қатынасын, ішкі бірлігін талқылау, интертекстік байланыстың табиғатын дәйектеу ғылыми мақаланың міндеттері болып белгіленді.

Зерттеу деректері мен әдістері

Қазіргі зерттеулерде функционалды грамматиканың әдістеріне басымдық бере отырып, тілдік құрылымдар қолданылатын мәнмәтінді ескеру арқылы олардың белгілі бір семантикалық кеңістіктегі басқа заңдылықтармен бірліктегі қызметіне назар аударылады. Бұл тілдік құбылыстарды түсіндіруде маңызды рөл атқарады.

Осы тұрғыдан ғылыми мақаланы әзірлеу барысында бақылау, мәтіндік талдау, кеңейтілген мәнмәтіндік салыстыру, жүйелеу әдіс-тәсілдері кеңінен қолданыс тапты. Бақылау әдісі айқындауыштардың функциясындағы өзгерістерді әртүрлі мәнмәтіндерге байланысты саралауға мүмкіндік берді. Мәтіндік талдау функционалды парадигма шеңберінде айқындауыштың коммуникативті байланыс орнату үшін қолданылатын құралдар ретіндегі қызметін талдауға негіз болды. Сонымен қатар, кеңейтілген мәнмәтіндік са-

лыстыру әдісі айқындауыштың құрылымдық грамматика аясындағы қызметінен прагматикалық, когнитивтік амалдар қатарындағы функциясын айқындауға ықпал етті.

Нәтижелері мен талқылау

Поэзияда қосарлы айқындауыш, ең алдымен, көркемдеу құралы ретінде эмоциялық сезімнің нәзік реңктерін жеткізеді. Бұл бағытта олар сөз зергерлерінің шеберлігімен мазмұндық, құрылымдық жақтан үнемі толығып отырады. Мысалы:

Кәрі таудың құшағында
Тұрақтамай бұлақ-қыздар.
Қарт жүрегін құса қылып,
Кетіп жатыр құлап құздан (Аймұханбет, 2013).

Өскемен – қайсар қалам, кенді қалам,
Не сырды келеді айтқың енді маған?!
Қолқаңды қорғасын-шер қапса дағы,
Кешеден кербезденіп келдің аман...(Әскербекқызы, 2014).

Сонымен қатар, поэзия мәтінінде қосарлы айқындауыштардың субъективтік модальділіктің жасалу жолдарын кеңітудегі үлесі үнемі көзге түседі. Аталған грамматикалық тәсілдер поэзия мәтіндерінде белсенді қолданылып, модальді мәннің жасалуына тірек болады. Бұл заңды да. Себебі «тілдің ең кіші бірлігі дыбыстан бастап мәтінге дейінгі тіл бірліктерінің барлығы адамның қандай да бір ішкі эмоциясы мен көңіл-күйін жеткізуге қызмет етеді» (Қоянбекова, 2008).

Айқындауыштар поэзия мәнмәтінінде көне құрылымдар ретінде көзге түседі. Мәселен, Абай поэзиясының мәтіндерінен де айқындауыштардың белсенді қызметін байқаймыз. Мысалы:

Бұрынғы екі биді тұрсам барлап,
Мақалдап айтады екен, сөз қосарлап.
Ақындары ақылсыз, надан келіп,
Көр-жерді өлең қыпты жоқтан қармап (Абай, 2002).

Ақын поэзиясында айқындауыш стилистикалық амал ретінде қолданыс тапқан. Абай шығармасының көркемдік техникасының осындай қарапайымдылығы мен талғампаздығын атап, ғалымдар «The merit of Abai Qunanbaiuly is the introduction of new poetic forms previously unfamiliar to the literature of Kazakhstan. The author shows new methods of revealing the linguistic potential of the Kazakh language, especially in terms of genre. On the artistic side, one should note the simplicity and elegance of his artistic techniques» деп бағалап өтеді (Oralbekova, 2024).

Мәтін аясында талдасақ, қосарлы айқындауыштар модальді мәнді ажырататын тура мағынадағы лексикалық доминанттармен қабаттаса қолданылып, мәтіндегі субъективтік мәнге үстеме бояу қосады. Бұл жағдайда айқындауыштар көмекші амалдар ретінде қолданылады. Мәселен, талдауға негіз болған төмендегі мәтінде күдіктену реңкі «күдік» сөзінің тура мағынасымен көрініс тапса, «мыстан» қосарлы айқындауышының қатысымен мәтіннің экспрессивтік-модальдік бояуы еселене түскен. Мысалы:

Мыстан-күдік нені аңсады, күрсінді,
Тау түнерді паналатып бір сырды.

Жабырқайды жарқабаққа мұң шағып,
Жаным менің ай тұтылған түн сынды (Әскербекқызы, 2014).

Қосарлы айқындауыштардың қызметін функционалды грамматика заңдылықтары аясында салыстырсақ, көп жағдайда мәтіндегі грамматикалық амалдармен ішкі байланыста қозғалып, модальді мәнді саралауда жетекші қызмет атқаратынын аңғарамыз. Назар аударсақ, төмендегі мысалда автор-субъектінің келер күннен жақсылық күткен субъективті ойының астарын, үмітті көзқарасын келер шақтағы болжалды реңк үстейтін есімше тұлғасымен бірлікте қолданылған «қыдыр» айқындауышымен сабақтастырғанда ғана, толыққанды қабылдай аламыз. Мұнда тек болжалды реңк емес, жақсылықтан үміттенген субъектінің модальді көзқарасы дараланады. Мысалы:

Тірліктің боп қалған ба күні керең,
Тірелем көкжиектің түбіне мен.
Алты аққу бастап барар бір аралда,
Кезігер ақ боз атты Қыдыр-өлең... (Әскербекқызы, 2014).

Мәтін аясында тілдің әр түрлі деңгейіне тиесілі құралдар сөйлемдегі субъективтік модальділіктің ішкі мүмкіндіктерін қалыптастыруға ұйытқы болып, ортақ семантикалық тұтастықта, бір қызметтік бағытта біріге алады. Грамматикалық амалдардың субъективті қарым-қатынастың ішкі реңктерін түрлендірудегі осындай кешенді қызметіне назар аударған ғалым С. Қоянбекова тілдің адам өміріндегі маңызын ерекше атап көрсетеді. Ғалымның пікірінше, тіл тек адамдар арасындағы қарапайым қатынас құралы ғана емес. Оның ішкі құрылымы мен жүйесі өте күрделі болып келеді және өзара тығыз байланысқан бірнеше деңгейден тұратын тұтас жүйені құрайды. Адам тілдің көмегімен тек ақпарат алмасып қана қоймайды. Сонымен бірге ол қоршаған ортаға, түрлі құбылыстарға деген өз көзқарасын, эмоциясын және жеке қатынасын да білдіреді. Басқаша айтқанда, «тіл арқылы адам өзінің ішкі дүниесін, субъективті сезімдері мен ой-толғанысын жеткізе алады. Осы тұрғыдан алғанда, тіл тек хабар алмасудың құралы емес, сонымен қатар адамның рухани әлемін, көңіл күйін және сезімдік әсерін білдіретін маңызды құрал қызметін атқарады». (Қоянбекова, 2008).

Бұл жағдайда грамматикалық амалдардың мәтін аясындағы семантикалық кеңістікке тәуелді қозғалып, қызмет атқаратыны белгілі. Семантикалық тұтастық, ұйысым құрылымында негізгі субъективтік ойды актуальдандыратын бір грамматикалық тұлға болады да, басқа құрылымдар семантикалық ұйысым заңдылығына сәйкес оның айналасына топтасады. Осындай заңдылықты негізге ала отырып талдасақ, төмендегі мысалда қосарлы айқындауыштар модальді мәнді өзектендіретін негізгі тәсіл ретінде қызмет атқарып, мәтін аясында орныққан сенімсіздік модальді реңкін ажыратқан. Мысалы:

Пендеге айтпа өкпені,
Перінің қызы Бекторы.
Қайтесің мыстан-пиғылды,
Тәңіріңе сыйын көктегі... (Әскербекқызы, 2014).

Келесі мәтінде «қобыз» айқындауышының когнитивтік астармен қабылданатын семантикалық бояуы мәтіндегі автор күдігінің саяси астарын айқындаған. Айқындауыш қызметіндегі «қобыз» сөзі субъектінің өкінішті-күдікті ойынан алдын ала хабардар етіп,

оның модальді мәні мәтіндегі соңғы сөйлемдермен нақтылана түседі. Егер бұл мәтіннен «қобыз» айқындауышын алып тастасақ, автордың күдікті көзқарасының астары, салмағы дәл мәтіндегі экспрессивтік бояуда қабылданбас еді. Нақтылай айтсақ, ұлттық түсінігімізде қобыз сарыны – қасіреттің, қайғы-мұңның символы. Авторлық субъективті көзқарасты жеткізуде, тілдік амалдардың стилистикалық қызметіне тоқталған ғалымдар: «following the text of an article, are distinguished by a variety of the authors' communicative strategies and modalities, by a diversity of language expressive means» деп қорытады (Mukhtarullina, 2024).

Демек, бұл сөйлемде «қобыз» айқындауышы ұлттық болмысымыз бен дүниетанымымызды көрсететін когнитивтік тәсіл ретінде қолданылған. Сол арқылы автор халықтың өткен тарихы мен бүгінгі ұлттық болмысындағы алаңдатар мұңын, онымен астарласқан өкініш-күдігін жеткізеді. Ж.Өмірбекова тұжырымында, «Қобыз ұғымы тек қазақ музыкасының төл нышаны ретінде емес, тарихи жадымен сабақтасқан, эмоционалды-эстетикалық, дүниетанымдық категория ретінде орныққан» (Өмірбекова, 2025). Тілдік деректерге назар аударсақ:

Жал-құйрығын қыл қанат қыран кескен,
Күлдір-күлдір кісінеп сылаң бесті.
Мен де келем тау іші түнделетіп,
Қобыз-көңіл қозғайды бір әнді ескі...
Әнім мұңды...
Көңіл сынық...
Көкжал қарап ұлиды көкке неге?
Келер күнге жаратар неміз қалды?
Ел қайтеді
Ер жойса, ең ізгі Арды?
Тағы сауал:
Болғанымен кеңістік тең
Терістіктен соққан жел неге ызғарлы? (Ештанаев, 1999).

Функционалды грамматика тілдегі заңдылықтардың ішкі байланыстағы қозғалысына да мүмкіндік береді. Бұл бағытта қосарлы айқындауыштардың әрі модальділік, әрі интертекстік байланысты қалыптастыратын қызметі мәтін аясында анықталады. Мысалы:

Тәңірім жаратқан соң асыл қылып,
Ешкімге иілмеп ем, басымды ұрып.
Талайдың төбесінен жай түсірген,
Тірі екен Қасым-мінез, Қасым-қылық (Ерман, 2014).

Талданған мысалда автордың өзін-өзі бағалауының астарынан әділдікті, шыншылдықты құптаған субъективтік көзқарасын қабылдаймыз. Мәтіндегі автордың субъективтік ойы «Қасым-мінез», «Қасым-қылық» қосарлы айқындауыштары арқылы жеткізілген. Аталған айқындауыштар прецедентті қолданыстар деңгейіне көтеріліп (Қаппасова, Адилова 2024), астарлама ретінде стилистикалық өң беріп, бір жағынан оқырманның аялық білімінің астарымен қабылданатын Қасым ақынның бірбеткей, өр мінезін тіріл-

тіп, ақпараттық кеңістікте қайта белсендірсе, екінші жағынан суреттеуші-автордың өзіндік көзқарасын, модальді мәнді өзектендірген ұтымды, тың стилистикалық тәсілі ретінде көзге түскен. Бұл қолданыстағы айқындауыштар «мәтіннің оқырманға әсер ету функциясын арттырады, оқырманның мәдени, тарихи білімін кеңейтеді және ұлттық кодты дамытуға ықпал етеді» (Төкенқызы және т.б., 2025).

Ал төмендегі мәнмәтінде қосарлы айқындауыштар грамматикадағы окказионалды қолданыстардың көрінісін қалыптастырушы тың амал-тәсілдер, әрі автордың сенімсіздік көзқарасын жандандырған ерекше стилистикалық қолданысы болып табылады. Мұндағы «киік-көңіл» айқындауышының астарлама ретіндегі қызметі көңіл аудартады. Олар автордың субъективтік ойын имплицитті түрде әсерлі жеткізген. Бұл қолданыстар ақпарат мазмұнын декодтауды сыртқы бейлингвистикалық факторлармен ұштастырып, функционалды-когнитивтік бағыттың байланысын арттыра түскен. Әрі адресант пен адресаттың лингвомәдени кеңістіктегі орнын, олардың арасындағы ұлттық кодтың бірегей табиғатын астарлаған.

Талпынып шыға алмадым биікке бір,
Қарайды бәріне үрке киік-көңіл.
Жеткенде алып-ұшып, сағынысып,
Кеткендей сыртын беріп сүйікті өмір (Ерман, 2014).

Көптеген ғылыми зерттеулерде модальділік категориясы мен эмоциялық-экспрессивтік реңк бір-бірімен байланысы жоқ тілдік құбылыстар ретінде қарастырылып келеді. Дегенмен бұл мәселе жөнінде ғалым В.В. Виноградов арнайы пікір айтып, аталған ұғымдардың арақатынасын нақты ажыратудың маңызды екенін атап көрсетеді. Оның пікірінше, модальділік пен эмоциялық-экспрессивтік мағыналардың өзара ерекшеліктерін анықтап, олардың қызметтік шекарасын айқындау ғылыми тұрғыдан қажет. Талдай келе автор: «Эмоционалды-экспрессияның алуан түрлері мен типтері модальділік категориясымен жақындасады, тіпті көп орайда ұштасып жатады», – деп қорытады (Виноградов, 1975).

Қазақ тіл білімінде М. Оразов эмоция-экспрессия астарынан модальділік санатының белгілері ілесіп отырады деп қорыта келе: «Эмоция субъектив, индивидуалдық сипатқа ие. Тіпті, кейде сезімтал адам деген тіркесті белгілі бір адамдарға байланысты қолданып, оның айналадағы құбылыстарға тез бейімделетіндігін, жауап беретіндігін ерекшелеп көрсетеміз. Ал екінші бір адамдарға байланысты қара дүрсін, дөрекі сияқты сөздер қолданылып, олардың тез сезіне қоймайтындығын, бір мойындығын, олақтығын баса көрсетеміз. Бұлай екі түрлі сезім туғызу өмір тәжірибесі негізінде адамдар арасында белгіленген нормалармен байланысты баға беру түсінігімен байланысты. Жақсы мен жаман, қуаныш пен қайғы, күлкі мен жылау, қарғыс пен алғыс, рахат пен азап, ащы мен тұщы сияқты түсініктер объектив дүниедегі заттар мен құбылыстардың табиғатына салыстыра баға беруден туғандығы анық» деген ғылыми тұжырымдарымен кеңітеді (Оразов, 1991).

Тілдік материалдарға сүйене отырып қарастырғанда, модальділік категориясы даму барысында мәтін ішінде эмоциялық реңктермен тығыз байланыста қолданылатыны байқалады. Сөйлеуші белгілі бір іс-әрекетке қатысты өз пікірін білдіргенде немесе басқа біреудің әрекетіне баға бергенде оны әртүрлі көңіл күйде қабылдайды. Соның нәтижесінде қабылдау, құптау не құптамау, сену немесе сенбеу, болжау, күмәндану, жорамал жасау сияқты модальдік мағыналар эмоциялық реңктермен қатар көрініс табады.

Эмоциялық-экспрессивтік реңк бағалау барысында субъектінің көзқарасын айқындап, оның мәнін күшейте немесе түрлендіре түседі. Сондықтан эмоцияның астарында белгілі бір бағалау мәні жатады және ол көбіне модальдік мағыналармен астасып келеді. Осы тұрғыдан алғанда, төменде келтірілетін айқындауыштардың экспрессивтік бояуы басым болып келеді. Бірақ модальді көзқарастың эмоциямен астарласа дамитынын ескерсек, «құйын-тағдыр», «өмір-аяз» қолданыстарының астарынан автордың өкінген көзқарасын қабылдаймыз. Мысалы:

Құлпырғанда құмар бәрі,
Құмарлықтан жыр арнады.
Құйын-тағдыр үйіргенде,
Бірі қорғап тұра алмады... (Әскербекқызы, 2014).

Өмір-аяз арқамды қарып бүгін,
Тарықтым ғой!
Тарықты, тарықты ұлың... (Мырза Әли, 2003).

Мәтін аясында сөз үнемі бір ғана тұрақты денотативті мағынасында қолданылмайды, ол коннотативті мағынада түрленуімен де белсенді. Осындай тілдік кеңістікте айқындауыштар қызметінде тура мағыналы сөздер де, коннотациялық мағына деңгейіне өткен ауыспалы мағыналы сөздер де қатыса алады. Мысалдағы «түлкі» айқындауышы ең әуелі ауыспалы мағынаға өту сатысын өткеріп, қоғамдағы адамдардың жағымсыз мінезін сипаттауға тірек болған. Бұдан айқындауыштардың құрылымдық түрленуі жағынан тілдегі грамматикалық құбылыстармен байланыста дамитынын аңғарамыз. Ал модальділік мәнге қатысты сипаттасақ, «түлкі» айқындауышы ауыспалы бояу астарымен автордың күдіктенген көзқарасын айшықтаған.

Қызда – қауіп,
Бұл күнде ұлда алаң бар.
Түлкі-заман бүлкілін кім бағамдар?
Ішігінің астарын індетіп жүр,
Інісіне сақалын бұлдағандар (Ерман, 2014).

Мәтін аясында қосарлы айқындауыштардың мәнмәтіндік антонимдер ретінде жұптасып қолданылуына да мүмкіндік беріледі. Төмендегі мәнмәтінде «бұлбұл-бақыт», «құзғын-қайғы» қосарлы айқындауыштары мәтіндегі құрылымдық-семантикалық тұтастық заңдылығы негізінде салыстырыла айқындалып, мәнмәтіндік антонимдер деңгейіне көтеріліп, автордың эмоциялық күйі мен субъективтік көзқарасын қабаттастыра суреттеп, ақын басындағы халдің динамикасын әсерлі жеткізеді.

Көп жатпадың
Жүріп кеттің тезінен.
Мен сол күні келе алмадым өзіме,
Содан кейін
Бұлбұл-бақыт безініп,
Құзғын-қайғы ұя салды көзіме (Мырза Әли, 2003).

Қорытынды

Мақалада қазақ тіліндегі модальділік санатының теориялық мәселесін толықтыруға негіз болатын талдаулар жасалып, қосарлы айқындауыштар арқылы бұл заңдылықтың грамматикалық белгілерін кешенді талдауға қол жеткізілді.

Нәтижесінде:

– модальділік категориясы - бұл өзіндік құрылымы бар, бірнеше грамматикалық заңдылықтар арасындағы сабақтастық нәтижесінде сипатталуы қажет семантикалық категория деген тұжырымға ықпал ететін дәлелді қорытындылар жасалды;

– субъективтік модальділіктің бірнеше грамматикалық құбылыстармен байланыста (эмоция, бағалау, семантикалық ұйысым, интертекст) салыстырылып, дербес заңдылық қатарындағы орны айқындалды;

– субъективтік модальділіктің қосарлы айқындауыштар арқылы жасалу жолдары бұл заңдылықтың өзіндік құрылымы бар, күрделі, дербес заңдылықтардың қатарындағы тілдік табиғатын толықтыруға мүмкіндік туғызды;

– қосарлы айқындауыштардың қызметі арқылы модальді мәннің мәнмәтін кеңістігінде функционалды-когнитивтік амалдардың кешенді байланысынан талданатын семантикалық құрылымы айқындалды;

– қосарлы айқындауыштар мысалында мәнмәтінаралық деңгейде модальділікті сипаттаушы тілдік амалдардың семантикалық байланысы тарауаралық құрылымдарды тұтастыру қызметін атқаратыны дәлелді сипатталды.

Субъективті модальділіктің лингвистикалық сипатын анықтауға негізделген басты қағида - сөйлеушінің көзқарасы және оның ақпаратты қабылдауы. Әрбір жеке адамның көзқарасы нәтижесінде субъективті модальділік белсендірілсе, оның барлық белгісі сөйлеумен шектеседі, дамиды. Ал сөйлеуде субъект іс-әрекеттің шындыққа қатысын ажыратуға тырыспайды (ғылыми еңбектерде мұндай сипаттамалар әлі де басым). Бұл кезеңде субъект тілдік қарым-қатынас шеңберінде басқа субъектімен ақпарат алмасуға, яғни коммуникативті қажеттілікті қанағаттандыруға және өзінің ішкі көзқарасын жеткізуді мақсат етеді. Бұдан шығатыны, модальділік категориясы және оның ішкі мағыналарын қалыптастыратын тілдік тәсілдер сөйлеу әрекетінде түрленеді, дамиды.

Модальділікке қатысты сипаттасақ, басқа да грамматикалық амалдар тәрізді қосарлы айқындауыштар да субъективтік көзқарастың ішкі мәндерін түрлендіре жеткізуде белсенділігімен көзге түседі. Бұл қызметте олар кейде мәтіндегі басқа амалдармен бірлікте семантикалық ұйысым астарымен қосалқы қызметте, кейде модальді мәнді өзектендіруші басты амалдар ретінде қызмет атқарады. Енді бірде эмоциялық бояу үстейтін амалдармен біріге қозғалып, грамматикалық заңдылықтардың мәтін кеңістігіндегі интеграциялануына қатыса алады.

Субъективті модальділіктің реңктері кейде мәнмәтіндегі бірнеше сөйлемнің мағыналық бірлігінен, кейде көркем шығармада сөйлемдердің тарауаралық байланыстағы мағыналық қатынасынан ажыратылады.

Кейде бір тұлғаның бірнеше қызметті меңгеруі, оның қолданыстық функциясын анықтау да мәтін деңгейінде талдауды қажет етеді. Сондықтан ғылыми мақала аясында қосарлы айқындауыштардың мәнмәтіндік-модальдік қызметіне қатысты негізгі тұжырымдар қорытындысы үш деңгейде салыстырылды:

біріншіден, мәтін аясында қосарлы айқындауыштардың басқа заңдылықтармен құрылымдық-семантикалық ықпалдасуына, бірігуіне мән беру арқылы. Бұл сатыда талдауға негіз болған грамматикалық амалдардың мәтіндегі көп функциялы қызметі-

не лингвистикалық ықпалдар әсерінің маңыздылығы сарапталды. Соның нәтижесінде белгілі бір мәтіндегі модальдық мағынаны дараландыратын синтаксистік бірліктердің жетекші қызметі, ал қосарлы айқындауыштың көмекші қызметі ажыратылды;

екіншіден, модальділікке қатысты қосарлы айқындауыштардың қызметі мәтіндегі семантикалық ұйысым заңдылығының ықпалымен сипатталды. Уәжді мысалдарға сүйене отырып, мәтіннің семантикалық кеңістігінде айқындауыштардың модальды мағынаны өзектендіруші негізгі амалдар ретінде қызмет атқаратыны сараланды;

үшіншіден, субъективті модальді мағынаның ашық тірек құрылымдармен жүйелене бермейтіні сипатталды. Сондықтан қосарлы айқындауыштардың модальді мәнді айқындаудағы функциясын когнитивтік-лингвистикалық бағыттың ізімен талдауға көңіл аудардық. Бұл жағдайда субъективті модальді мағынаның астарлы реңкі экстралингвистикалық амалдардың ықпалымен сараланатыны ғылыми түрде дәлелденді. Аталған экстралингвистикалық факторларға тарихи жағдайлар, әлеуметтік ортаның қабылдауы, ұлттық таным жатады. Жинақталған мысалдар тілдік емес факторлардың ықпалы бір мәнмәтін аясында көрінбейтінін көрсетті; олардың астарлы реңкі тұтас мәтіннен анықталады. Осы орайда, астарлама функциясын атқаратын қосарлы айқындауыштардың танымдық-прагматикалық қызметі талдаудың негізі нысаны ретінде сипатталды. Демек, грамматикалық амалдардың когнитивтік-прагматикалық мүмкіндіктері модальды мағына жасау құралдарын кеңейтеді. Бұл талдаулар лингвистикалық және экстралингвистикалық аспектілердің түйіскен жерін анықтауға мүмкіндік берді.

Сонымен, кез келген грамматикалық құбылыстың екінші бір заңдылыққа әсер ете отырып дамитыны белгілі. Әрине, тілдік заңдылықтарды жалаң сипаттамай, ішкі байланыста, бірлікте қарастыру грамматикалық амалдардың теориялық сипаттамасын кеңіте қарауға мүмкіндік берері сөзсіз. Мақалада қосарлы айқындауыштың мәнмәтіндік-модальдік қызметі арқылы модальділік санатының басқа заңдылықтармен байланыста қозғалатынына, грамматикалық құбылыстардың бір-біріне әсері болатынына және мұндай кешенді талдаулар тек мәтін аясында мүмкін болатынына көз жеткіздік. Атап айтсақ, семантикалық ұйысым, интеграция, эмоция, бағалау, интертекст құбылыстары бірлікте талданып, аталған грамматикалық заңдылықтардың теориялық мәселелері салыстырыла сипатталды. Модальді мәнді түрлендіре жеткізуге тірек болатын қосарлы айқындауыштардың мәтін ықпалымен түрленуі, сөйлеу тілінің қажеттілігін өтей отырып, қатысымдық қызметте өңделетіні, мағыналық жақтан кеңейіп, жаңаратыны да дәлелденді.

Нәтижесінде субъективтік модальділіктің грамматикалық белгілерін мәтін деңгейінде салыстыру бұл санаттың күрделі семантикалық астармен талданатын құрылымын даралауға негіз болады.

Мүдделер қақтығысы, алғыс айту және қаржыландыру туралы ақпарат

Мақала бойынша мүдделер қақтығысы жоқ.

Авторлардың қосқан үлесі.

Ж.А.Құсайынова мақаланы жазып, идеялық, мазмұндық жағынан орындады, хат-хабар үшін жауапты. **Ә.Н.Насыритдинова** зерттеу материалдарын жинақтауда, мақаланың рәсімделуіне елеулі үлес қосты. Авторлар тең құқылы және жауапты.

Әдебиеттер тізімі

- Абай, (2002). Қалың елім, қазағым. Алматы: Атамұра.
- Аймұхамбет, Ж., & Әлімұлы, А. (2013). Қазақтың 100 поэмасы (5-том). Алматы: Жазушы.
- Әскербекқызы, Ж. (2014). Ай-тамғы. Астана: Профи Медиа.
- Виноградов, В. (1975). Избранные труды. Москва: Наука.
- Ерман, Ж. (2014). Асыл ажар. Астана: Фолиант.
- Ештанаев, Ғ. (1999). Дүние-дүрмек. Алматы: Қазақпарат.
- Жүнісова, А. (2013). Функционалды грамматикалық категория ұғымдары туралы кейбір мәселелер. *Eurasian Journal of Philology Science and Education*, 141(1-2). <https://philart.kaznu.kz/index.php/1-FIL/article/view/74>
- Қаппасова, Ә., & Адилова, А. (2024). Прецедентті мәтін және мақала семантикасы. *Тілтаным*, 95(3). <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2024-3-224-233>
- Қоянбекова, С. (2008). Қазақ тілі экспрессивтік стилистикасының негіздері [Филология ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті].
- Мырза Әли, Қ. (2003). Көкейкесті. Алматы: Атамұра.
- Оразов, М. (1991). Қазақ тілінің семантикасы. Алматы: Рауан.
- Өмірбекова, Ж. (2025). «Қобыз» сөзінің этномәдени болмысы. *Тілтаным*, 99 (3).
- Төкенқызы, Ғ., Қаирбаева, Қ., & Саликжанова, Ш. (2025). Абай мұрасы: Оралхан Бөкей проза-сындағы. Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің хабаршысы, 151(2).
- Mukhtarullina, A., Issakova, S., Alimbek, G., & Issakova, A. (2024). The pragmatic aspect of modality in the English mass-media discourse. *World Journal of English Language*, 14(4). <https://www.sciedupress.com/journal/index.php/wjel>
- Oralbekova, K., Kapantaikyzy, Sh., Akhmetova, M., Orazbek, M., & Kenzhebayeva, G. (2024). Problems of reception, understanding, and interpretation of Abai's works. *Interdisciplinary Literary Studies*, 26(2), 162–178. <https://doi.org/10.5325/intelitestud.26.2.0162>

Zh.A. Kussaiynova*¹, A.N. Nassyritdinova²

¹L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

²Kazakh Agrotechnical Research University named after S. Seifullin, Astana, Kazakhstan

Contextual-Modal Function of the Appositive Construction

Abstract. Fundamental research in modern linguistics aimed at identifying the grammatical features of text and context has opened up broad opportunities for understanding the functional potential of linguistic units. Within the textual space, all elements—from minimal phonetic units to complex lexico-grammatical forms—interconnect as components of a unified system. From this perspective, this article comprehensively analyzes the text-forming role of the apposition and its relationship with other fundamental linguistic patterns.

The study systematizes the use of appositions within independent sentences, scientifically determining their transforming stylistic role. It is argumentatively proven that within context, these syntactic constructions extend beyond their traditional qualifying function, playing an exceptional role in actualizing subjective-modal meanings and authorial intention based on empirical data. The author examines the pragmatic function of grammatical appositions in close integration with modality, emotional-expressive coloring, evaluation categories, intertextual links, and precedent uses.

The analysis demonstrates that subjective modality manifested through appositions reveals the complex nature of this category at functional, pragmatic, and cognitive levels. The work's main scientific value lies in substantiating that the apposition is a vital communicative tool ensuring textual semantic integrity and conveying the author's position, thereby solving urgent problems in syntax, stylistics, and text linguistics.

Keywords: apposition, stylistics, subjective modality, modal meaning, emotion, precedent-related usage.

Контекстно-модальная функция приложения

Аннотация. Фундаментальные исследования в современной лингвистике, направленные на выявление грамматических признаков текста и контекста, открыли широкие возможности для познания функционального потенциала лингвистических единиц в новом ракурсе. С этой точки зрения в представленной статье всесторонне и глубоко анализируется текстообразующая роль приложения, а также его внутренняя взаимосвязь с другими фундаментальными лингвистическими закономерностями. В ходе исследовательского процесса систематизируется активность использования приложений в составе самостоятельных предложений и на научной основе определяется их трансформирующая роль, придающая тексту особый стилистический характер. Аргументированно доказывается, что в рамках контекста данные синтаксические конструкции не ограничиваются лишь традиционной определительной функцией, но и играют исключительную роль в актуализации субъективно-модальных значений и авторской интенции на основе конкретных эмпирических языковых данных. Автор рассматривает прагматическую функцию грамматических приложений в тесной интеграции с модальностью, эмоционально-экспрессивной окраской, категорий оценки, а также интертекстуальными связями и прецедентными употреблениями.

Результаты проведенного анализа наглядно демонстрируют, что проявление субъективной модальности через приложения раскрывает сложную природу данной категории на функциональном, прагматическом и когнитивном уровнях. Основная научная ценность работы заключается в полном обосновании того, что приложение является не просто формальной грамматической единицей, а важным коммуникативным инструментом, обеспечивающим семантическую целостность текста и транслирующим авторскую позицию. Выводы, полученные в статье, направлены на решение актуальных проблем, возникающих на стыке синтаксиса, стилистики и лингвистики текста.

Ключевые слова: приложение, стилистика, субъективная модальность, модальное значение, эмоция, прецедентные употребления.

References

- Abai. (2002). Kalyn elim, kazagym [My dense people, my Kazakhs]. Atamura.
- Аимухамбет, Ж., & Алимұлы, А. (2013). Kazaktyn 100 poemasy [100 Kazakh poems] (Vol. 5). Almaty: Zhazushy.
- Аскербекқызы, Ж. (2014). Ai-tamgy [The moon-stamp]. Astana: Profi Media.
- Vinogradov, V. (1975). Izbrannye trudy [Selected works]. Moscow: Nauka.
- Erman, Zh. (2014). Asyl azhar [Noble appearance]. Astana: Foliant.
- Eshtanaev, G. (1999). Dunie-durmek [The bustling world]. Almaty: Kazakparat.
- Zhunisova, A. (2013). Funktsionaldy grammatikalyk kategoriya ugymdary turaly keibir maseleler [Some issues on the concepts of functional grammatical categories]. Eurasian Journal of Philology Science and Education, 141(1-2).
- Kappasova, A., & Adilova, A. (2024). Pretsedentti matin zhane makala semantikasy [Precedent text and article semantics]. Tiltanym, 95(3). <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2024-3-224-233>
- Koianbekova, S. (2008). Kazak tili ekspressivtik stilistikasynyn negizderi [Foundations of Kazakh language expressive stylistics]. Doctoral dissertation abstract. Almaty: Al-Farabi Kazakh National University.
- Myrza Ali, K. (2003). Kokeikesiti [Crucial issue]. Almaty: Atamura.
- Orazov, M. (1991). Kazak tilinin semantikasy [Semantics of the Kazakh language]. Rauan.

Omirkbekova, Zh. (2025). «Kobyz» sozinin etnomadeni bolmysy [The ethnocultural identity of the word “qobyz”]. *Tiltanym [Linguistics]*, 2025(3), 151-162. <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2025-3-151-162>

Tokenkyzy, G., Kairbaeva, K., & Salikzhanova, Sh. (2025). Abai muracy: Oralhan Bokei prozasyndagy intertekstualdylyk [Abai’s heritage: Intertextuality in Oralhan Bokei’s prose]. *Bulletin of L.N. Gumilyov Eurasian National University*, 151(2), 167-178. <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2025-151-2-167-178>

Mukhtarullina, A., Issakova, S., Alimbek, G., & Issakova, A. (2024). The pragmatic aspect of modality in the English mass-media discourse. *World Journal of English Language*, 14(4). <https://www.sciedupress.com/zhjournal/index.php/wzhel>

Oralbekova, K., Kapantaikyzy, Sh., Akhmetova, M., Orazbek, M., & Kenzhebayeva, G. (2024). Problems of reception, understanding, and interpretation of Abai’s works. *Interdisciplinary Literary Studies*, 26(2), 162–178. <https://doi.org/10.5325/intelitestud.26.2.0162>

Авторлар туралы мәлімет:

Құсайынова Жайнагүл Айтмағанбетқызы – хат-хабар үшін автор, филология ғылымдарының докторы, қауымдастырылған профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан. E-mail: zhaina-1972@mail.ru; ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-6238-794X>.

Насыритдинова Әсемгүл Насыритдинқызы – филология ғылымдарының кандидаты, аға оқытушы, С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті, Астана, Қазақстан. E-mail: asemgul_kazatu@mail.ru, ORCID: <https://orcid.org/0009-0003-6701-5215>

Құсайынова Жайнагүл Айтмағанбетовна – автор для корреспонденции, доктор филологических наук, ассоциированный профессор, Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан. E-mail: zhaina-1972@mail.ru, ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-6238-794X>.

Насыритдинова Асемгүл Насыритдиновна – кандидат филологических наук, старший преподаватель, Казахский агротехнический исследовательский университет имени С. Сейфуллина. Астана, Казахстан. E-mail: asemgul_kazatu@mail.ru, ORCID: <https://orcid.org/0009-0003-6701-5215>

Kussaiynova Zhainagul – Doctor of Philology, Associate Professor, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan. E-mail: zhaina-1972@mail.ru, ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-6238-794X>.

Nassyritdinova Assemgul – Candidate of Philology, Senior Lecturer, Kazakh Agrotechnical Research University named after S. Seifullin. Astana, Kazakhstan. E-mail: asemgul_kazatu@mail.ru, ORCID: <https://orcid.org/0009-0003-6701-5215>



Copyright: © 2026 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (<https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4.0/>).